З.Я. Юсупова, Т.Н. Нурсейтова, И.Ю. Ковальчук, Б.Ж7 Кабылбекова ОПТИМИЗАЦИЯ СОСТАВА ПИТАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ ДЛЯ МИКРОРАЗМНОЖЕНИЯ ПОДВОЕВ ГРУШИ В УСЛОВИЯХ IN VITRO	115

ВОДНЫЕ, ЗЕМЕЛЬНЫЕ И ЛЕСНЫЕ РЕСУРСЫ

А. Акзамбекулы, А.А. Алтаева, А. Қасен, С.Б. Пентаева УСТАНОВЛЕНИЕ ГРАНИЦ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ ЕДИНИЦ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ НА МЕСТНОСТИ В ПРЕДЕЛАХ СЕЛЬСКИХ ОКРУГОВ	124
Ш. Еликбаева, Ж. Шокимова, В. Нилиповский, Н. Ауесбеков, Ж. Нұралы ФОРМИРОВАНИЕ НАУЧНЫХ ОСНОВ ПРОЦЕССА ЗЕМЛЕУСТРОЙСТВА	135
Ж.М. Жұматаева, З.М. Құзаирова, Ж.Е.Мәулен, А.Н. Жилдикбаева, I. Roslan РАЗРАБОТКА ЦИФРОВОЙ ПРОСТРАНСТВЕННОЙ ОСНОВЫ ДЛЯ ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКОГО КАРТОГРАФИРОВАНИЯ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ	145
Д.С. Онолбаева, А.Д. Омарбекова, А.Қ. Жұмәсілова, У.С. Черниязова, В. Гурскиене ГЕОИНФОРМАЦИОННЫЙ АНАЛИЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ (НА ПРИМЕРЕ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ)	155
С.Р. Тажиев, Е.Ж. Мургазин, В.С. Салыбекова, А.К. Алимгазина ОБВОДНЕНИЕ ПАСТБИЩ ПОДЗЕМНЫМИ ВОДАМИ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ОТГОННОГО ЖИВОТНОВОДСТВА В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ	169
Н.К. Турманбетов, Г.С. Айтхожаева, А. Зермухамед, В. Гурскиене ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ В ВОССТАНОВЛЕНИИ ДЕГРАДИРОВАННЫХ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ЗЕМЕЛЬ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ	182

МЕХАНИЗАЦИЯ И ЭЛЕКТРИФИКАЦИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

Е.К. Әуелбек, Д.Б. Ордатаев, Е. Саркынов, Ж.З. Жакупова ПЕРЕДВИЖНАЯ УСТАНОВКА ДЛЯ ОЧИСТКИ И ДЕЗИНФЕКЦИИ ШАХТНЫХ КОЛОДЦЕВ: РАЗРАБОТКА КОНСТРУКТОРСКОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ	192
М.Т. Жетпейсов, Ж.С. Садыков, А.С. Альчимбаева, Ж.Ж. Мустафин СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НАКЛОННОЙ КАМЕРЫ РИСОУБОРОЧНОГО КОМБАЙНА	203
Е.Р. Жумагалиев, И.А. Тайлер, Б.М. Касымбаев, М.Ж. Хазимов, Г.Ч. Бора ОПРЕДЕЛЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ТРАНСПОРТИРОВКИ ВАКУУМИРОВАННОЙ ИЗМЕЛЬЧЕННОЙ ЗЕЛЕННОЙ МАССЫ НА ТРАКТОРНО-ТРАНСПОРТНОМ АГРЕГАТЕ	215
Г.Н. Каирова, С.Б. Корабаева, Э.С. Исмагулова, С.Н. Альмаханова ОЦЕНКА УСТОЙЧИВОСТИ СОРТОВ ЯБЛОНИ К <i>ALTERNARIA ALTERNATA</i> В УСЛОВИЯХ ЕСТЕСТВЕННОЙ ЭПИФИТОТИИ НА ЮГО-ВОСТОКЕ КАЗАХСТАНА	229
А.Д. Серикбаева, Ж.М. Сулейменова, М.А. Тайжанова, Ж.Б. Досимова РАЗРАБОТКА ОПТИМАЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПАСТЕРИЗАЦИИ И ФЕРМЕНТАЦИИ ВЕРБЛЮЖЬЕГО МОЛОКА ДЛЯ ПРОИЗВОДСТВА ФУНКЦИОНАЛЬНОГО КИСЛОМОЛОЧНОГО НАПИТКА ШАЛАП.....	239



Это произведение доступно по лицензии Creative Commons «Attribution-NonCommercial» («Атрибуция — Некоммерческое использование») 4.0 Всемирная.

B.Q. Sansyzbaeva, Sh.R. Adylkanova*, A.D. Orakbaeva, E. Baimazhi

Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail.ru: sholpan.adylkanova@kaznaru.edu.kz

MEAT PRODUCTIVITY AND MEAT QUALITY CHARACTERISTICS OF SARYARKA SHEEP

Orakbaeva Ainur, PhD doctoral student, Kazakh National Agrarian Research University, Kazakhstan, Almaty, Nauryzbay Batyr St., 125

E-mail: ainura_manat@mail.ru;

Adylkanova Sholpan, Doctor of Agricultural Sciences, Professor, Kazakh National Agrarian Research University, Kazakhstan, Almaty, Brusilovskogo St., 167, apt. 771

E-mail: adylkanovasholpan@mail.ru;

Sansyzbaeva Bibigul, PhD, Kazakh National Agrarian Research University, Kazakhstan, Almaty, Akkent microdistrict

E-mail: Bibigul19_93@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0003-2602-8925>;

Yerlik Baymazhi, Candidate of Agricultural Sciences, Associate Professor of the Department of “Zootechnics and Biotechnology,” Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: erlik.baimazhi@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7683-0209>.

Abstract. This scientific article presents a comprehensive study of meat productivity and meat quality indicators of lambs obtained from different sire lines of the Saryarka sheep breed. The study evaluated live weight, carcass and slaughter characteristics, tail fat and internal fat content, as well as the chemical, amino acid and vitamin composition of mutton, its microstructural features, and toxicological safety. The results demonstrated that meat productivity and quality parameters vary depending on the age of the lambs and the characteristics of the sire lines. In younger lambs, meat was characterized by well-developed muscle tissue, a lower proportion of connective tissue, and a balanced amino acid composition. With increasing age, a rise in fat content and a decrease in moisture content contributed to the higher energy value of the meat. Amino acid analysis confirmed the high biological value of mutton from lambs aged 4–7 months. Toxicological indicators complied with the permissible sanitary and hygienic standards. Overall, the findings indicate that lambs of the Saryarka sheep breed are capable of producing high-quality and environmentally safe meat.

Keywords: Saryarka sheep, meat productivity, carcass traits, chemical composition, amino acids, meat quality, microstructure, biological value

For citation: B.Q. Sansyzbaeva, Sh.R. Adylkanova*^h, A.D. Orakbaeva, E. Baimazhi (2026). Meat productivity and meat quality characteristics of saryarka sheep // Изденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Vol. 28. Is. 1. Number 109. Pp. 56–65 [In Kaz.]. <https://doi.org/> <https://doi.org/10.37884/1-2026/06>

Conflict of interest: The authors declare no conflict of interest.

*Б.Қ. Сансызбаева, Ш.Р. Адылканова *, А.Д. Орақбаева, Е. Бәймәжі*

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы.

E-mail.ru: sholpan.adylkanova@kaznaru.edu.kz

САРЫАРҚА ТҰҚЫМЫ (ЖАҢААРҚА ТИП) ҚОЙЛАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ МЕН ЕТТІҢ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Орақбаева Айнұр Дюсембекқызы, PhD докторант, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы, Наурызбай батыр, 125

E-mail: ainura_manat@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6938-6613>;

Садықұлов Тулеухан, ҚР ҰҒА академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы

E-mail: tuleukhan.sadykulov@kaznaru.edu.kz; <https://orcid.org/0000-0002-7523-7788>

Адылканова Шолпан Рахимбековна, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы, Брусиловского 167, кв. 771

E-mail: adylkanovasholpan@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-8931-7861>;

Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызы, PhD аға оқытушы, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан, Алматы, Ақкент ш.а.

E-mail: Bibigul19_93@mail.ru; <https://orcid.org/0009-0003-2602-8925>;

Бәймәжі Ерлік Бәймәжіұлы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Зооинженерия және биотехнология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры; Алматы қаласының Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: erlik.baimazhi@yandex.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7683-0209>.

Аннотация. Мақалада Сарыарқа қой тұқымының (Жаңаарқа типі) әртүрлі аталық іздерінен алынған 4 және 7 айлық еркек қозылардың ет өнімділігі мен еттің сапалық көрсеткіштері кешенді түрде зерттелді. Зерттеу нысаны ретінде 12 бас қозы алынып, бақылау сойыс, химиялық, аминқышқылдық, витаминдік, физика-химиялық және микроструктуралық әдістер қолданылды. Нәтижелер бойынша 7 айлық қозылардың тірілей салмағы 39,5 кг болып, 4 айлық қозылардан (37,5 кг) 2,0 кг-ға жоғары болды. Алайда 4 айлық қозыларда ұша шығымы 46,4 %, сойыс шығымы 53,6 % болып, 7 айлық қозыларға (41,5 және 50,3 %) қарағанда жоғары деңгейде анықталды. 7 айлық қозыларда май ұлпасының жинақталуы күшейіп, құйрық шығымы 6,7 %, ішкі май шығымы 2,37 % құрады. Еттің химиялық құрамын зерттеу нәтижесінде жас ұлғайған сайын май мөлшерінің 6,44 %-дан 18,03 %-ға дейін артқаны, ал ылғал мөлшерінің 73,18 %-дан 61,64 %-ға дейін төмендегені анықталды. Аминқышқылдық талдау 4–7 айлық қозылар етінде ауыстырылмайтын аминқышқылдардың жоғары деңгейін (8,93–11,47 г/100 г белок) көрсетті. Сонымен қатар еттің витаминдік құрамы (В₁, В₂, РР), сіңімділігі, нәзіктігі және микроструктуралық көрсеткіштері оның жоғары биологиялық және тағамдық құндылығын дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері Сарыарқа (жаңаарқа типі) қозыларын 4 айлық жаста сою жоғары сапалы, экологиялық қауіпсіз ет өндіру үшін тиімді екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: Сарыарқа қойы, ет өнімділігі, ұша көрсеткіштері, химиялық құрам, аминқышқылдар, ет сапасы, микроструктура, биологиялық құндылық

Дәйексөз үшін: Сансызбаева Б.Қ., Адылканова Ш.Р., Орақбаева А.Д., Бәймәжі Е. (2026). Сарыарқа тұқымы (жаңаарқа типі) қойларының ет өнімділігі мен еттің сапалық көрсеткіштері // Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. Т. 28. Іс. 1. № 109. 2026. Рр. 56–65 [Қазақ тіл.]. <https://doi.org/10.37884/1-2026/06>

Мүдделер қақтығысы: Авторлар осы мақалада мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Алғыс. «Жеңіс» АТЗ алғыс білдіреміз

Сансызбаева Б.Қ., Адылканова Ш.Р.*, Орақбаева А.Д., Бәймәжі Е.

Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан

E-mail.ru: sholpan.adylkanova@kaznaru.edu.kz

МЯСНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ И КАЧЕСТВЕННЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ МЯСА ОВЕЦ ПОРОДЫ САРЫАРКА

Орақбаева Айнұр Дюсембекқызы, PhD докторант, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Казахстан, Алматы, ул. Наурызбай батыр, 125

E-mail: ainura_manat@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6938-6613>;

Адылканова Шолпан Рахимбековна, доктор сельскохозяйственных наук, профессор, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Казахстан, Алматы, ул. Брусиловского, 167, кв. 771

E-mail: adylkanovasholpan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8931-7861>;

Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызы, PhD старший преподаватель, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Казахстан, Алматы, мкр. Ақкент

E-mail: Bibigul19_93@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0003-2602-8925>;

Бәймәжі Ерлік Бәймәжіұлы, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор кафедры «Зооинженерия и биотехнология», Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан

E-mail: erlik.baimazhi@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7683-0209>.

Аннотация. В данной научной статье комплексно изучены мясная продуктивность и показатели качества мяса ягнят, полученных от различных отцовских линий овец породы Сарыарка. В ходе исследования были оценены живая масса ягнят, убойные и мясные показатели, количество курдючного и внутреннего жира, а также химический, аминокислотный и витаминный состав баранины, ее микроструктурные особенности и токсикологическая безопасность. Полученные результаты показали, что мясная продуктивность и качественные показатели мяса изменяются в зависимости от возраста ягнят и особенностей отцовских линий. В мясе ягнят раннего возраста отмечено хорошее развитие мышечной ткани, низкое содержание соединительной ткани и сбалансированный аминокислотный состав. С увеличением возраста рост содержания жира и снижение влажности способствовали повышению энергетической ценности мяса. Аминокислотный анализ подтвердил высокую биологическую ценность баранины ягнят в возрасте 4–7 месяцев. Токсикологические показатели соответствовали допустимым санитарно-гигиеническим нормам. В целом результаты исследования показали, что ягнота породы Сарыарка способны обеспечивать производство высококачественного и экологически безопасного мяса.

Ключевые слова: овцы породы Сарыарка, мясная продуктивность, убойные показатели, химический состав, аминокислоты, качество мяса, микроструктура, биологическая ценность

Для цитирования: Сансызбаева Б.Қ., Адылканова Ш.Р., Орақбаева А.Д., Бәймәжі Е. (2026). Мясная продуктивность и качественные показатели мяса овец породы сарыарка // *Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты*. Т. 28. Іс. 1. № 109. 2026. Рр. 56–65 [На каз.]. <https://doi.org/10.37884/1-2026/06>

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Кіріспе.

Қазіргі заманғы қой шаруашылығында негізгі міндеттердің бірі – жоғары сапалы ет өнімдерін тиімді және аз шығынмен өндіру болып табылады. Қозы етінің дәмдік қасиеттері жоғары болғандықтан, әлемдік тәжірибеде оның өндірілу көлемі артып келеді [Садықұлов, Адылканова, 2022]. Қазақстанда ет бағытындағы қой шаруашылығында негізгі рөлді отандық құйрықты қой тұқымдары атқарады, олардың ішінде Сарыарқа тұқымы (жаңаарқа типі) ерекше орын алады. Бұл тұқымның қозылары тез дамып, ет өнімділігі жоғары, сонымен қатар биологиялық құндылығы жағынан да тиімді болып саналады [Есентаев, 2001].

Қой етінің сапасы тек тірілей салмағы мен ұша көрсеткіштерімен шектелмейді. Ол сондай-ақ еттің химиялық құрамымен, аминқышқылдық және витаминдік құрамымен, физика-химиялық және микроструктуралық қасиеттерімен анықталады. Еттің биологиялық құндылығы мен тағамдық қасиеттерін толық бағалау үшін осы көрсеткіштерді кешенді зерттеу маңызды [Садықұлов және т.б. 2009].

Сондай-ақ әртүрлі аталық ізге жататын қозылардың мінез-құлық ерекшеліктері (қозғалу белсенділігі, азықтану сипаты, стресске төзімділігі) және генетикалық қасиеттері олардың ет өнімділігі мен сапасына әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты, Сарыарқа тұқымының қозыларының жасына байланысты ет өнімділігін, оның химиялық, аминқышқылдық, витаминдік құрамын және микроструктуралық көрсеткіштерін кешенді зерттеу маңызды ғылыми мәселе болып табылады. [Орақбаева және т.б., 2023].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмыстары Сарыарқа қой тұқымының (жаңаарқа типі) 4 және 7 айлық еркек қозыларда жүргізілді. Зерттеуге алынған қозылар жасы мен тірілей салмағы бойынша біркелкі таңдалып, стандартты зоотехникалық талаптарға сәйкес ұсталды.

Қозылардың ет өнімділігін бағалау үшін бақылау сою әдісі қолданылды. Сою алдында қозылар 24 сағат аш ұсталынды, тірілей салмағы өлшенді және сою ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес жүргізілді. Сою барысында тірілей салмақ, ұша салмағы, сойыс салмағы, сойыс шығымы, құйрық және ішкі май мөлшері анықталды [Орақбаева және т.б., 2025].

Еттің химиялық құрамы (ақуыз, май, ылғал және күл мөлшері) жалпы қабылданған зоотехникалық және биохимиялық әдістермен анықталды. Аминқышқылдық құрамы арнайы зертханалық талдау әдістері арқылы бағаланды. Витаминдік құрам стандартталған әдістемелер бойынша анықталды [Прманшаев және т.б. 2019].

Еттің микроструктуралық ерекшеліктері гистологиялық әдістермен зерттеліп, бұлшық ет талшықтарының дамуы мен дәнекер ұлпаның үлесі анықталды. Токсикалық қауіпсіздік көрсеткіштері санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес бағаланды. Алынған барлық деректер кестелерде жүйеленіп ұсынылды [Атаубеков және т.б., 2024].

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында әртүрлі аталық ізге жататын 4 және 7 айлық еркек Сарыарқа қозыларының ет өнімділігі мен еттің сапалық көрсеткіштері бағаланды. Сойысқа 12 бас қозы алынды, олардың бақылау нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Әртүрлі аталық ізге жататын 4 айлық еркек қозылардың бақылау сойыс нәтижелері

Көрсеткіштер	4 айлық (n-6 бас)	7 айлық (n-6 бас)
	X±m _x	X±m _x
Тірілей салмағы, кг	37,5	39,5
Ұша салмағы, кг	17,4	16,3
Ұша шығымы, %	46,4	41,5
Құйрық салмағы, кг	2,22	2,65
Құйрық шығымы, %	5,9	6,7
Ішкі май, кг	0,51	0,94
Ішкі май шығымы, %	1,4	2,37
Сойыс салмағы, кг	20,1	19,9
Сойыс шығымы, %	53,6	50,3
Таза ет салмағы, кг	12,9	12,8
Таза ет шығымы, %	74,3	78,9
Сүйек салмағы, кг	3,7	3,6
Сүйек шығымы, %	21,2	22,1
Еттілік коэффициенті	3,48	3,55

Сойыс нәтижелеріне сәйкес, кесте 1 деректері 7 айлық еркек қозылардың тірілей салмағы 39,5 кг болып, 4 айлық қозылардан (37,5 кг) жоғары екенін көрсетті. Алайда 4 айлық қозыларда ұша және сойыс шығымы тиісінше 46,4 % және 53,6 % болып, 7 айлық қозылармен салыстырғанда (41,5 % және 50,3 %) басым болды. Керісінше, 7 айлық қозыларда май ұлпасының жинақталуы күшейіп, құйрық

(6,7 %) және ішкі май (2,37 %) шығымы жоғары деңгейде анықталды. Таза ет шығымы мен еттілік коэффициенті 7 айлық қозыларда жоғары болып, тиісінше 78,9 % және 3,55 құрады.

Сүйектен ажырату және бөлшектеу нәтижесінде алынған деректер ет шығымы мен еттілік коэффициентінің қанағаттанарлық деңгейде екенін көрсетті. Жалпы, Сарыарқа қойлары ерте жетілуімен және жоғары етті-майлы қасиеттерімен ерекшеленеді, бұл оларды ет өндіру мақсатында пайдалануға тиімді етеді .



Сур.1. Сойыс кезі

Көптеген елдерде соның ішінде Қазақстанда үлкен үлес салмақ қойларға, соның ішінде 1 жасқа дейінгі төл сойылады. Алайда оның өндірісі әліге дейін, етті-жүнді және етті-майлы қой шаруашылығында тәжірбиеге енгізілген [Traisov, 2025].

Сонымен қатар, қозылардың етінің химиялық құрамы мен тағамдық құндылығы зерттелді. 2-кестеде әртүрлі жасқа сәйкес еттің ылғал, ақуыз, май және энергетикалық құндылығы көрсетілген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жас ұлғайған сайын ылғал мөлшері азайып (73,18 % – 61,64 %), май мөлшері артты (6,44 % – 18,03 %), ал ақуыз мөлшері салыстырмалы тұрақты болды (19,19 % – 19,34 %). Бұл еттің биологиялық құндылығы мен энергетикалық мәнін арттырды.

Кесте 2 – Әртүрлі жастағы қой етінің химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Жасы, ай			
	4	5	7	12
Ақуыз, %	19,19	19,92	20,24	19,34
Май,%	6,44	12,50	15,02	18,03
Ылғал, %	73,18	66,55	63,74	61,64
Күл, %	1,09	1,03	1,00	0,99
pH	5,77	5,73	6,08	6,00
Энергетикалық құндылығы, кДж	713,98	954,07	1080,06	1178,72

Май мен ақуыз мөлшерінің өзара байланысы айқын болмаса да, майдың өсуі ақуыз мөлшерінің салыстырмалы түрде азаюына ықпал етеді. 4–7 айлық қозылар етінде ақуыздардың өсіміне сәйкес тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары ет алынатыны байқалады.

Кесте 3 – Әртүрлі жастағы қойлардың тағамдық құндылығы, %

Жасы, айы	Ылғал	Май	Ақуыз	Күл	Энергетикалық құндылығы, кДж
4	77,69	6,21	14,77	1,35	598,75
5	77,64	6,78	14,24	1,36	609,33

7	73,38	11,76	13,63	1,37	788,68
---	-------	-------	-------	------	--------

Жас өскен сайын бұлшық ет ақуыздарының өсуі және ұлпалардың ақуыз құрамының азаюы ет шикізатының сапасының жақсаруын көрсетеді. Сонымен қатар, аминқышқылдық құрам мен тағамдық қасиеттердің жоғары деңгейі 4 айлық қозыларда байқалады, бұл кезеңде еттің дәмдік және биологиялық құндылығы максималды болады.

Қозылар етінің аминқышқылдық құрамы зерттелді. 4-кестеде 4, 5, 7 және 12 айлық қозылардың бұлшық ет ұлпасындағы 18 аминқышқыл (оның ішінде 8 ауыстырылмайтын) мөлшері көрсетілген. Нәтижелерге сәйкес, жасқа байланысты аминқышқылдардың тепе-теңдігі байқалады, бұл еттің биологиялық құндылығын анықтайды.

Кесте 4 – Өртүрлі жастағы қой етінің құрамындағы амин қышқылдар

Аминқышқылдар, г/100 г белка	Жасы, ай			
	4	5	7	12
Аспаргиновая қышқыл	2,18	2,11	2,06	1,63
Треонин	1,16	0,95	0,90	0,88
Серии	1,15	0,82	0,78	0,78
Глутаминовая кислота	5,39	4,44	3,88	3,22
Оксипролин	129,63	122,02	109,80	92,18
Пролин	0,87	0,71	0,58	0,63
Глицин	1,93	1,62	1,58	1,76
Аланин	0,92	0,76	0,74	0,74
Валин	1,56	1,12	1,05	0,96
Метионин	0,54	0,45	0,38	0,26
Изолейцин	1,15	1,08	1,04	0,67
Лейцин	2,73	2,37	2,33	1,67
Тирозин	0,81	0,74	0,67	0,65
Фенил аланин	0,97	0,77	0,81	0,75
Гистизин	0,65	0,55	0,51	0,52
Лизин	3,27	2,97	2,41	2,42
Аргинин	1,18	1,0	0,75	0,94
Триптофан	0,12	0,06	0,05	0,18
Сумма аминокислот	26,54	22,63	20,49	18,59
~ % протеина	27,4	23,82	21,56	19,55
Сумма Ауыстырылмайтын амин қышқылдары	11,47	9,88	8,93	7,76

Нәтижелер көрсеткендей, бас аминқышқылдардың жалпы мөлшері 26,55-тен 18,57 г/100 г белокқа дейін азайса, ауыстырылмайтын аминқышқылдар 11,8–7,77 г аралығында өзгеріп отыр. Осылайша, ең құнды ет 4–7 айлық қозыларда анықталды, сондықтан оларды осы жас аралығында сойуға ұсынылады.

Химиялық құрамға сәйкес, ет бөліктерінің тағамдық құндылығы төмендегідей: жамбас, жауырын, арқалық, шап, төс қабырға, мойын, құйымшақ және сирық. Өртүрлі бөліктердің 4 айлық жасқа байланысты химиялық құрамы зерттеліп, кестеде көрсетілген.

Кесте 5 – Қозы етінің бөліктерінің химиялық құрамы кестеде (4 айлық)

Бөлшектердің атауы	Бұлғал, %	Май, %	Күл, %	Ақуыз, %
Жанбас	66,2	14,7	0,9	18,3
Мойын	68,5	14,9	1,2	15,7
Жауырын	69,7	13,5	0,8	15,5
Арқа	71,2	10,8	1,1	16,6
Төс	68,8	14,7	0,8	15,5
Шандыр	73,76	7,77	1,14	17,33
Сирық	69,68	11,33	1,16	17,85
Құйымшақ	72,47	5,57	1,22	20,76

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қозылардың ет бөлшектерінде жалпы ақуыз мөлшерінде (20,45–22,10 %) айтарлықтай айырмашылық байқалмады. Дәнекер ұлпаның ақуызы негізінен шап, құйымшақ, сирақ және қабырға бөлігінде, ал бұлшықет ақуызы – жауырын және төс қабырға бөлігінде анықталды.

6-кестеде қозылардың ет бөліктеріндегі азоты бар қосылыстардың құрамы көрсетілген. Кесте деректеріне сәйкес, жалпы азот мөлшері мен экстрактивті азотты заттардың деңгейі еттің әртүрлі бөліктерінде салыстырмалы түрде тұрақты. Ал толық құнды ақуыздардың үлесі жалпы ақуыз мөлшерінің 80–86 %-ын құрайды. Сонымен қатар оксипролин мен триптофан мөлшері бұлшық ет ақуызының биологиялық құндылығын және еттің нәзіктігін сипаттайтын маңызды көрсеткіштер болып табылады.

Кесте 6 – 4 айлық қозы етінің әртүрлі бөліктеріндегі азоты бар қосылыстардың құрамы (кесінді массасына % есебімен)

Көрсеткіш	Жамбас		Арқа		Жауырын	
	М	S	М	S	М	S
Жалпы азот, %	2,78	0,15	2,68	0,13	2,73	0,67
Экстрактивтіазот заттары, %	0,27	0,03	0,24	0,63	0,25	0,64
Толық құнды ақуыз (жалпы ақуызға%)	86,2	2,2	80,4	1,4	84,6	3
Толық құнды ақуыздың толық құнды емесақуызға қатынасы	6,3		4,3		5,6	
Оксипролин, мг/г ақуызға	16,5	2,8	22,8	2,6	20,8	3,6
Триптофан, мг/г ақуызға	14,5	1,5	14,4	1,3	14,7	1
Триптофан, оксипролин	0,85	0,1	0,6	0,67	0,72	0,01
Лабилді коллаген (% жалпыға)	11,6		16,7		13,5	

7-кестеде Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қозылардың әртүрлі ет бөліктерінде коллагеннің мөлшері, гидротермиялық әсерге сезімталдық және механикалық беріктілік деңгейі өзгереді. Мысалы, арқа бөлігінде коллагеннің термолабильді фракциясы жоғары, ал мойын мен төс қабырға бөліктерінде төмен. Бұл көрсеткіштер еттің текстуралық қасиеттерін, өңдеу барысында оның беріктігі мен нәзіктігін бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 7 – 4 айлық қозы етінің бөліктерінің қаттылығы

Бөліктің атауы	Шикі етті кесу күші, Н	Піскен етті кесу күші, Н	Механикалық беріктіліктің төмендеуі, %	Коллагеннің еруі, %
Жамбас	759	395	47,98	38,21
Жауырын	747	425	43,33	33,49
Арқа	811	337	58,63	61,3
Төс қабырға	836	495	40,75	30,6
Мойын	595	404	32,16	32,4
Шандыр	1273	873	31,46	29,3
Құйымшақ	1135	761	33,11	32,8
Сирақ	1143	765	32,93	31,6

Осы мәліметтерден көрініп тұрғандай, қозылардың әртүрлі ет бөліктерінің химиялық және физика-химиялық қасиеттері олардың жасына, бөліктің орналасуына және бұлшық еттің атқарған функциясына байланысты әркелкі өзгеріп отырады. Бұл ақпарат еттің тағамдық құндылығын бағалауда және өңдеу технологияларын жетілдіруде маңызды болып табылады. Тағамның ешнәрсемен ауыстырылмайтын маңызды заттар тобына витаминдер жатады. Адамның тамақтану тәртібінде мәні өте жоғары және барынша дәлелденген. Олар ағзаның тірі клеткаларға жүретін химиялық реакцияның биологиялық катализаторы. Витаминдер барлық органдарының және жүйелердің тіршілігінің функцияларын дұрыс атқаруға қажет

Қой етінде тағамдық маңызы зор, өзінен ешнәрсемен алмастырылмайтын витаминдер бар. Оларға В1 (тиамин), В2 (рибофлавин), В6, К, РР, пантотен қышқылы, фолий қышқылы, холин және майлы бөліктерінде стерарин мен Е витамині жатады. Ересек адам үшін тәуліктік қажеттілік: В1 – 1,7 мг, В2 – 2 мг, РР – 19 мг.

Зерттеу көрсеткендей, витаминдердің мөлшері әр бөлікте бірдей емес, В1 және В2 витаминдері жамбас пен арқа-бел бөліктерінде көп, ал РР витамині барлық бөліктерде шамамен бірдей.

Еттің биологиялық құндылығын аминқышқылдары мен витаминдер мөлшері, сондай-ақ қайнап-пісу қасиеті анықтайды. Қарын жасына байланысты протеолитикалық ферменттердің (пепсин, трипсин) әсері ет ақуызының пісу жылдамдығына байланысты: ақуыз мөлшері жоғары болса, ет баяу піседі [Ваі және т.б., 2024].

Кесте 8 – Қозы етінің әртүрлі бөліктеріндегі витаминдер мөлшері (4 айлық)

Үлгісі	В, мг %	В ₂ , мг %	РР, мг%
Жамбас	0,079	0,133	2,21
Арқа	0,087	0,146	2,25
Жауырын	0,066	0,113	1,84
Мойын	0,067	0,105	1,76
Төс	0,059	0,102	1,85
Шандыр	0,045	0,084	1,76
Құйымшақ	0,052	0,085	1,65
Сирақ	0,053	0,081	1,61

Кесте 9 – Бөліктері бойынша қозы етінің сіңімділігі (4 айлық)

Үлгісі	Сіңімділігі, мг тирозин/г ақуызға		
	Пепсин	Трипсин	Сумма
Жамбас	10,6	10,3	20,8
Арқа	10,4	10,1	20,6
Жауырын	8,6	9,7	18,4
Төс	8,7	10,2	18,8
Мойын	8,5	9,6	18,2
Шандыр	7,8	9,4	17,3
Құйымшақ	7,8	9,2	16,7
Сирақ	7,7	9,3	16,8

Еттің түсі миоглобин концентрациясына және гемдік пигменттің қышқылдануына байланысты өзгеріп, қоңырдан жасыл түске дейін ауысады. Бұл түс еттің балғындығы, нәзіктігі және дәмділігімен тығыз байланысты. Зерттеу нәтижелері спектроколориметр арқылы алынған және түстік шкала бойынша айырмашылықтар анықталған (Кесте 10).

Кесте 10 – Қой етінің бөліктерінің түстік сипаттары (4 айлық)

Бөліктер атауы	Түстік мінездемесі		
	L(жарықтығы)	a(қызыл)	b(сары түс)
Жамбас(Жартылай бұлшық еті)	38,97	15,48	4,00
Жауырын (трехглавая мышца)	37,82	13,26	3,10
Арқа	41,87	12,43	1,14
Төс(алдыңғы бөлігі)	37,58	9,85	1,43
Мойын	38,87	23,74	8,32
Шандыр	33,17	28,69	5,23
Құйымшақ	38,98	29,55	3,18
Сирақ	38,37	29,76	3,12

Қозы еті жоғары дәмдік және диеталық қасиетімен ерекшеленеді: стерарин мөлшері төмен, май құрамында Е витамині көп. Жас ұлғайған сайын май үлесі артып, ылғал мөлшері азаяды (Кесте 11).

Кесте 11 – Шикі майдың химиялық құрамы, %

Май атаулары	4 айда				7 айда			
	ылғал	май	күл	ақуыз	Ылғал	май	ақуыз	Күл
Тері асты	50,7	35,4	1,2	12,6	15,4	76,7	6,8	1,3
Шикі май	40,2	45,1	1,2	13,5	15,1	79,6	4,8	0,9
Бұлшық ет аралық	38,9	45,8	2,5	12,4	30,6	58,2	9,8	1,6

Майдың тағамдық құндылығы оның сіңімділігімен және балку температурасымен анықталады;

теріге жақын орналасқан майда балқу температурасы төмен, ал терінің терең қабатында жоғары болады (Кесте 12).

Кесте 12 – Шикі майдың физикалық қасиеті

Майлар атауы	4 айда		7 айда	
	t балқу, °C	Йод саны	t балқу, °C	Йод саны
Теріасты	45,3	33,6	43,7	34,7
шикі май	47,1	32,1	46,1	32,8
Бұлшық ет аралық	45,7	31,8	44,6	33,7

Қой еті экологиялық қауіпсіз: кобальт және никель мөлшері рұқсат етілген нормадан төмен (кобальт – 0,007 мг/кг, никель – 0,03 мг/кг). Бұл көрсеткіш еттің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ауыр металдар мен пестицидтердің жинақталуы минималды.

Микроқұрылым бойынша бұлшық ет талшықтарының орналасуы бөліктерге байланысты өзгереді: мойын бөлімінде талшықтар тығыз және түзу, сарколема ұзындығы 2,4–2,5 мкм, диаметрі 24,8 мкм; жауырын бөлімінде талшықтар арасы алшақ, диаметрі 20,8 мкм; жамбас бөлімінде талшықтар еркін орналасқан, сарколема ұзындығы 4,0–4,3 мкм және бүлінушілік белгілері байқалмайды.

Қорытынды.

Зерттеу Сарыарқа қой тұқымының 4 және 7 айлық еркек қозыларының ет өнімділігі мен сапасын бағалауға мүмкіндік берді. 7 айлық қозылардың тірілей салмағы 39,5 кг болып, 4 айлық қозылардан (37,5 кг) жоғары болса, 4 айлық қозыларда ұша және сойыс шығымы (46,4 % және 53,6 %) басым болды. 7 айлық қозыларда май ұлпасының жинақталуы артты: құйрық шығымы 6,7 %, ішкі май шығымы 2,37 % болды. Еттің химиялық құрамы, аминқышқылдық және витаминдік құрам жоғары биологиялық құндылықты көрсетті, ал физика-химиялық және микроструктуралық көрсеткіштер еттің нәзіктігі мен сіңімділігін дәлелдеді. Ауыр металдар мөлшерінің санитарлық нормадан төмен болуы өнімнің экологиялық қауіпсіздігін растады. Жалпы, Сарыарқа қозыларын 4–7 айлық жаста сою жоғары сапалы және биологиялық құндылығы жоғары ет өндіру үшін тиімді.

Әдебиеттер

- Sadykulov T.S. & Adykanova Sh.R. (2022). *Selection and genetic aspects of improving fat-tailed sheep breeds* (monograph). Almanac, 9 p.
- Esentaev E. (2001). *Saryarka sheep breed*. Almaty, Kazakhstan.
- Sadykulov T. S., & Adykanova Sh. R. (2009). *Recommendations for breeding work with the Saryarka coarse-wool fat-tailed sheep breed (Zhanaarka intrabreed type)*. Almaty: Bastau.
- Orakbaeva A.D., Adykanova Sh.R., Sadykulov T.S., & Sansyzbaeva B.K. (2023). Formation of meat productivity of lambs of the Saryarka fat-tailed sheep breed (Zhanaarka intrabreed type). *Izdenister Natizheler – Research Results*, 4. <https://doi.org/10.37884/4-2023/03>
- Orakbaeva A.D., Adykanova Sh.R., Sadykulov T.S., Sansyzbaeva B.K., Koishibaev A.M., & Dosybaev K.Zh. (2025). Productive and some biological features of Saryarka sheep (Zhanaarka intrabreed type). *Izdenister Natizheler – Research Results*, 3(107). <https://doi.org/10.37884/3-2025/07>
- Prmanshaev M., Yuldashbayev Y.A., & Ataybekov B. (2019). Clinical and hematological parameters of young sheep of different fat-tailed breeds in the south-east of Kazakhstan. *Ovtsy, kozy, sherstyanoje delo*, 3, 49–51. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=41110286>
- Ataybekov B., Prmanshaev M., Chortonbaev T., Bekturov A., & Shergaziev U. (2024). Meat productivity and interior features of fat-tailed coarse wool lambs in the south-east of Kazakhstan. *BIO Web of Conferences*, 83, 02011. <https://doi.org/10.1051/bioconf/20248302011>
- Traisov B.B. (2025). The structure of the skin of young crossbred sheep. *3i: Intellect, Idea, Innovation*, 1, 223–227.
- Uzakov Y.M., & Ospanova D.A. (n.d.). Research of chemical and amino-acid composition of carcass cutting. Almaty Technological University. Retrieved from <http://journal.agrojournals.org/>
- Bai F., Yu.L., Maerziya Y., et al. (2024). Meat quality characteristics of Kazakh sheep. *Meat Research*. Retrieved from <http://sciopen.com/>
- Sansyzbaeva B. K. (n.d.). Productive and breeding qualities of new breeding lines of Saryarka fat-tailed sheep (Zhanaarka type) (PhD dissertation). Kazakhstan.

References

- Sadykulov T.S., & Adykanova Sh.R. (2022). *Seleksionno-geneticheskie aspekty sovershenstvovaniya kurdyuchnykh porod ovets* [Selection and genetic aspects of improving fat-tailed sheep breeds]. Almanakh, 9 p.
- Esentaev E. (2001). *Saryarkinskaya poroda ovets* [Saryarka sheep breed]. — Almaty, Kazakhstan.
- Sadykulov T.S., & Adykanova, Sh.R. (2009). *Rekomendatsii po vedeniyu plemennoy raboty s saryarkinskoy grubosherstnoy kurdyuchnoy porodoy ovets (zhanaarkinskiy vnutriporodnyy tip)* [Recommendations for breeding work with the Saryarka coarse-wool fat-tailed sheep breed (Zhanaarka intrabreed type)]. — Almaty: Bastau.
- Orakbaeva A.D., Adykanova Sh.R., Sadykulov T.S., & Sansyzbaeva, B.Q. (2023). Formirovanie myasnoy produktivnosti yagnyat saryarkinskoy kurdyuchnoy porodoy ovets (vnutriporodnyy zhanaarkinskiy tip). *Izdenister Natizheler – Issledovaniya, rezultaty*, 4. <https://doi.org/10.37884/4-2023/03>
- Orakbaeva A.D., Adykanova Sh.R., Sadykulov T.S., Sansyzbaeva B.K., Koishibaev A.M., & Dosybaev K.Zh. (2025). Produktivnyye i nekotorye biologicheskie osobennosti ovets saryarkinskoy porodoy (vnutriporodnyy zhanaarkinskiy tip). *Izdenister Natizheler – Issledovaniya, rezultaty*, 3(107). <https://doi.org/10.37884/3-2025/07>
- Prmanshaev M., Yuldashbayev Yu.A., & Ataybekov B. (2019). Klinicheskie i gematologicheskie pokazateli molodnyaka ovets raznykh kurdyuchnykh porod na yugo-vostoke Kazakhstana. *Ovtsy, kozy, sherstyanoje delo*, 3, 49–51. Retrieved from <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=41110286>

- Ataybekov B., Prmanshaev M., Chortonbaev T., Bekturov A., & Shergaziev U. (2024). Meat productivity and interior features of fat-tailed coarse wool lambs in the south-east of Kazakhstan. *BIO Web of Conferences*, 83, 02011. <https://doi.org/10.1051/bioconf/20248302011>
- Traisov B.B. (2025). The structure of the skin of young crossbred sheep. *3i: Intellect, Idea, Innovation*, 1, 223–227.
- Uzakov Y.M., & Ospanova D.A. (n.d.). Research of chemical and amino-acid composition of carcass cutting. Almaty Technological University. Retrieved from <http://journal.agrojournal.org/>
- Bai F., Yu.L., Maerziya Y., et al. (2024). Meat quality characteristics of Kazakh sheep. *Meat Research*. Retrieved from <http://sciopen.com/>
- Sansyzbaeva B.Q. (n.d.). *Productive and breeding qualities of new breeding lines of Saryarka fat-tailed sheep (Zhanaarka type)* (PhD dissertation). Kazakhstan.

Sanzysbaeva Bibigul Kuatzhankyzy, Orakbaeva Ainur Dyusembekkyzy – investigation, data collection, writing the manuscript, data processing.

Adylkanova Sholpan Rakhimbekovna – conceptualization, project administration, editing.

Baimazhi Yerlik – methodology, supervision, literature review.

Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызы, Орақбаева Айнұр Дюсембекқызы – Зерттеу, Деректерді жинақтау, Мақаланы жазу, Материалды өңдеу

Адылканова Шолпан Рахимбековна – Тұжырымдама, Жобаны басқару, Редакциялау.

Баймәжі Ерлік – Әдістеме, Бақылау, Әдебиетке шолу.

Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызы, Орақбаева Айнұр Дюсембекқызы – исследование, сбор данных, написание статьи, обработка материалов.

Адылканова Шолпан Рахимбековна – концепция, управление проектом, редактирование.

Баймәжі Ерлік – методология, контроль, обзор литературы.

RESEARCH, RESULTS

SCIENTIFIC JOURNAL

ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Құрылтайшысы және баспагері:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» КЕАҚ

Бас редактор

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы

Жауапты редактор

Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерде беттеген

Асанова Жадыра Миримхановна

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 8

Журнал сайты: <https://journal.kaznaru.edu.kz/>

Баспаға берілді 27

27.02.2026 ж.